

Гүлжәмила деген қызбен қатар отырдым. Таныстық, ол медучилищеде оқиды екен. Жастықтың жігері, аңғалдығы болады, біз де аяқ астынан үйленуге бел буып, 1959 жылдың 20 қарашасында қалалық АХАЖ бөліміне келіп, заңды некеден өттік.

1960 жылы ВТУЗ-ға болат металлургиясы мамандығына оқуға түседі. С.Садырбаев сталевар, шебер, ауысым бастығы сынды қызметтерді де абыроймен атқарады. Ал 1968 жылы даңғайыр металлург, Социалистік еңбек ері Алтынбек Дәрібаев комбинатқа жұмысқа шақырып, қазақ заводынан сонда ауысады. Комбинаттың конвертор цехында жұмыс істей жүріп, атақты Махмұд Ақбиевтың көзін көрген, әңгімесін тыңдап, тәлімін алған. 1970 жылы конвертор алғашқы балқыманы бергенде Сұлтан Садырбаев үшінші балқыманы береді.

Комбинаттан қазақ заводына ауысып, зейнетке шыққан ардагер металлург Сұлтан ағамыз сексеннің сеңгіріне аяқ басқан. Бүгінгі еңбекшіл жастарға тәлім берер қазыналы ақсақалдарымыздың бірі...

Сұлтан Садырбаев туралы әдебиет :

Алдашева, Р. Еңбекпен өрілген ғұмыр: [металлург ардагер Сұлтан Садырбаев туралы] /Р. Алдашева // Құрыш қала . — 2014.- 23 ммыр (№21).- 6 б.



ҚҰРАСТЫРУШЫ:
АББ БИБЛИОГРАФЫ
ЖАНАШЕВА К.А.

ОК ТЕЛЕФОНЫ: 8(7213)98-47-60
ФАКС: 8(7213)44-66-81
E-MAIL: TCSGB@MAIL.RU



ТЕМІРТАУ ҚАЛАСЫНЫҢ
ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН
КІТАПХАНАЛАР ЖҮЙЕСІ» КММ

АҚПАРАТТЫҚ-
БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ БӨЛІМ

ҚАЛА ТАРИХЫНДАҒЫ ЕСІМДЕР



Еңбекпен өрілген ғұмыр Сұлтан Садырбаев

ЖАДНАМА

Теміртау, 2017

Сонау бір жылдары Қазақстан Магниткасының алып құрылысына еліміздің әр аймағынан комсомолдық жолдамамен келген өңшең жастар, өмірдің ыстық-суығына төтеп беріп, мамандықтың қыры мен сырына осында жүріп қанықты. Олдар бойларындағы қажыр-қайраттарын өндірістің өркендеуіне сарп етті, білімдерін шындап, кәсіп үйренді. Сол жылдардағы әрбір күннің қызығынан, думанынан гөрі өзіне тән қиындығына, жас та болса бойындағы бар қайратымен қарсы тұрып, осы күнге жеткен, яғни майталман металлург атанып, ардагер ақсақал болған алдыңғы толқын өкілдерінің бірі Сұлтан Садырбаев туралы сөз қозғамақшымыз.

Ол 1939 жылы Алматы облысының Көктөбе совхозында дүние есігін ашқан еді, әкесі Садырбай ауыл молласы, анасы Хауана үй шаруасында болды. 1946 жылы төрт жылдық мектептің бірінші сыныбына барғаны күні бүгінгідей есінде, сонда майаннан жараланып келген Есбай есімді мұғалімнен әріп таныды.

Ауыл баласының күнделікті тұрмыс-тіршіліктің бәріне араласатыны белгілі, мал бағып, шөп тасып дегендей, Сұлтан да есін білгелі қара жұмыстың қазанында қайнап, шынығып өсті.

Содан болар, 1956 жылы орта мектепті бітірген кезде көп ойланбастан бірден Алматыға тартып кетіп, ауыл шаруашылығы институтына құжат тапсырды, бірақ түсе алмады...

Осыдан соң жігіт Сұлтанның бұдан былайғы ғұмыры Теміртаумен тоғысады дегенге егер сол кезде айтса сенер ме едіңіз, жоқ әрине. Сұлтан да ештеңеден хабары жоқ, Алматы көшелерінің бірінде не істерін білмей келе жатқан. Кенет көзі ілулі тұрған хабарландыруға түседі, оқып қараса жастарды Қазақстан Магниткасына шақырған екен.

- Дерееу комсомол комитетіне келдім, екі есіктің алды толған кезек, олардың қайда екенін де білмеймін, дегенмен мен де кезекке тұра қалдым. Бір кезде жаныма үстінде әдемі костюм-шалбары бар, ұзын бойлы бір жігіт кеп «Қайда барасың?» деп сұрады. Мен тіпті қайда баратынымды да білмеймін. Ол өз сұрағына өзі «Теміртауға» деп жауап қайтарды. Не керек, сөйтіп мен Теміртауға комсомолдық жолдама алдым, оған қоса қолыма 75 сом ақша берді. Шынымды айтайын, бұрын сонды мұндай ақша ұстап көрмеппін, - деп сол өткен күндердің сәулелі шақтарын есіне алады Сұлтан аға.

Сонымен не керек, Сұлтан Садырбаев тұрғын үй құрылысына

барып, ағаш ұстасына көмекші болып жұмысқа орналасады. Жүз пәтерді екі қабатты ағаш үйлерді салуға қатысады. Алғашқы алған айлығы да есінде, ол бар болғаны 34 сом екен.



Сонымен аталған училищені 1958 жылы бітіріп, қазақ металлургия заводына 7-ші разрядты болат қорытушының бірінші көмекшісі болып жұмысқа орналасты. Қазіргідей техника мен технологиялардың дамыған кезі емес, ол кезде үш пеш болатын, барлық жұмыстар қолмен атқарылады, күрекпен әрі-бері зыр жүгіріп жүретін. Содан кейін мартен цехында көмекшілікті мінсіз атқарды. Қазақстан Магниткасына келген жастардың басынан да түрлі махаббат хикаялары өткені рас. 1957 жылы 7 наурыз күні Кеңес, Өтен, Мұрат секілді бірге жүрген жігіттер мерекелік кеш ұйымдастырды. Сол отырыста